

**«NURINTECH» республикалық жастар
инновациялық жобалар байқауын өткізу туралы
Ереже**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже республикалық жастар инновациялық жобалар байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін, қатысушылар санатын, өткізу тәртібі мен талаптарын анықтайды.

1.2. Байқау ұйымдастырушысы – «Нұр Отан» партиясы (бұдан әрі - Ұйымдастырушы). Байқаудың өткізілуін үйлестіру «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» Жастар қанатына жүктеледі (бұдан әрі – Үйлестіруші орган).

1.3. Байқауға қатысуға өтінімдер 2018 жылдың 19 қазанынан бастап қабылданады. Өтінімдерді қабылдау 2018 жылдың 30 қарашаға дейін жалғасады.

1.4. Осы Ереже байқауға қатысуға үміткер, қызығушылық танытушы тұлғалардың барлығына танысу үшін ұсынылады. Ереже бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.2. Байқаудың мақсаты – еліміздің экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін үздік жобалар мен технологияларды анықтау және ғылыми-инновациялық қызметке қызықтыру арқылы жастардың шығармашылық қабілеттілігін арттыру.

2.3. Байқаудың міндеттері:

– ғалымдардың, инженерлік-техникалық жұмысшылардың, өнертапқыштардың, аспирант, студенттер мен оқушылардың инновациялық ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру;

– жастарды ғылыми-зерттеу қызметі мен ғылыми-техникалық шығармашылыққа баулу;

– жастардың зияткерлік әлеуетін Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларын шешу жолында қолдануға жағдай жасау;

– отандық инновациялық жобаларды іске асыруда көмектесу, олардың коммерцияландыруына және ұлттық кәсіпорындарда енгізуге көмектесу;

– энергия және ресурс үнемдеу технологияларды, ғылымды қажет ететін экономиканы дамытуға бағытталған прогрессивті және жаңашыл жобаларды қолдау.

3. Байқау номинациялары

3.1. Номинациялар атаулары:

1) «Әлеуметтік маңызды инновациялар»;

- 2) «Үздік жас ғалым»;
- 3) «Жастардың инновациялық жобасы».

3.2. Байқауға қатысуға келесі тақырыптардағы инновациялық жобалар қабылданады:

- жасыл энергетика (энергетика және энергияны үнемдеу);
- химиялық технология, нанотехнология және биотехнология;
- өнеркәсіптік және құрылыстық технология, өндіріс;
- агроинновация (өнеркәсіптік технология және өндіріс);
- IT және авиағарыш технологиясы;
- медицина, медициналық техника және технология, фармацевтика;
- табиғатты тиімді пайдалану, ресурсты үнемдеу;
- робототехника;
- жол қозғалысының қауіпсіздігі;
- үздік лайфхак;
- 3D баспа және жаңа материалдар;
- гаджеттерге арналған мобильдік қосымшалар;
- экологиялық инновация;
- наноимпульс – нанотехнологиядағы инновация;
- білімдегі инновация.

3.3. Жалпы жүлде қоры **5 250 000 теңге**.

Жүлде қоры байқаудың түрлі номинациялары бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер арасында үлестіріледі:

- «Әлеуметтік маңызды инновациялар» номинациясының жеңімпазы және жүлдегерлері (2 және 3 орын) сәйкесінше 1 000 000, 500 000 және 250 000 теңге иеленеді;
- «Үздік жас ғалым» номинациясының жеңімпазы және жүлдегерлері (2 және 3 орын) сәйкесінше 1 000 000, 500 000 және 250 000 теңге иеленеді;
- «Жастардың инновациялық жобасы» номинациясының жеңімпазы және жүлдегерлері (2 және 3 орын) сәйкесінше 1 000 000, 500 000 және 250 000 теңге иеленеді.

4. Байқау қатысушылары

4.1. Байқаудың «Әлеуметтік маңызды инновациялар» номинациясына 14 және 29 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының азаматтары және шет мемлекетте тұрып жатқан этникалық қазақтар қатыса алады.

Байқаудың «Үздік жас ғалым» номинациясына 14 және 29 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының азаматтары және шет мемлекетте тұрып жатқан этникалық қазақтар қатыса алады.

Байқаудың «Жастардың инновациялық жобасы» номинациясына 14 және 29 жас аралығындағы техникалық және кәсіптік білім беру орталықтарының және жоғары оқу орындарының студенттері, бакалавр және магистратура бағдарламасы бойынша оқып жатқан Қазақстан Республикасының резиденттері қатыса алады.

4.2. Байқауға қатысуға жобаның бір авторымен қатар, 5 адамнан аспайтын авторлар тобы (авторлық топтың жетекшісі анықталуы тиіс) да жіберіледі.

4.3. Әр қатысушы бір өтінім жібере алады.

4.4. Байқауға жаңа ғылыми, инженерлік, зерттеу немесе қолданбалы нәтижелерден тұратын өз бетімен орындалған инновациялық жобалар ұсынылады.

4.5. Реферат түріндегі жұмыстар қабылданбайды.

4.6. Байқауға жаңа материалдар, өнімдер, процестер, құрылымдар, қызметтер, жүйелер немесе әдістер және олардың одан әрі жетілдіруі, нәтижелерін коммерциялық тұрғыда қолдануға бағытталған ғылыми жобалар ұсынылады.

4.7. Байқауға қатысушылар мыналарды жүзеге асыруға құқылы:

- байқаудың өткізілу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алуға;
- ереже тармақтары бойынша Ұйымдастырушыларға жүгінуге;
- байқауға қатысуға материалдар жіберуге.

4.8. Байқау қатысушыларының міндеттері:

– байқауға қатысуға ұсынылған Байқаудың міндеттері мен талаптарымен танысу;

– осы Ережедегі талаптарға сәйкес рәсімделген материалдарды уақытылы ұсыну;

– осы Ережеде қарастырылған ережелер мен процедураларды сақтау.

4.9. Байқауға қатысушылар келесілер үшін жауапты:

– материалдар мен түйіндемеде көрсетілген ақпараттардың шынайылығына қойылатын талаптарды бұзғаны үшін;

– осы Ережеде белгіленген шарттарды, ережелер мен процедураларды сақтамағаны үшін.

5. Байқау Ұйымдастырушысы

5.1. Ұйымдастырушы:

– байқау туралы осы Ереженің талаптарына сәйкесіздіктерді негізге ала отырып, үміткерді байқауға қабылдамауға құқылы.

5.2. Ұйымдастырушының міндеттері:

– барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасау;

– байқауды өткізудің жариялылығын қамтамасыз ету;

– байқаудың нәтижелері туралы мәліметтердің уақытынан бұрын жария етілуіне жол бермеу.

5.3. Байқау жеңімпазын анықтау мақсатында Ұйымдастырушы қатысушылардан қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

6. Сараптамалық және Конкурстық комиссия

6.1. Байқауды қорытындылау үшін Сараптамалық және Конкурстық комиссия құрылады.

6.2. Сараптамалық комиссия белгілі сарапшылар, ғалымдар, жоғары оқу орындары, ұлттық компаниялар мен технологиялық парк өкілдерінен тұрады.

Конкурстық комиссия белгілі қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдар өкілдері және Парламент депутаттарынан құрылады.

6.3. Сараптамалық және Конкурстық комиссия құрамы «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» Жастар қанаты Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

6.4. Конкурстық комиссия мүшелері: комиссия төрағасы, комиссия төрағасының орынбасары, Конкурстық комиссия мүшелері, сондай-ақ Конкурстық комиссия хатшысы. Конкурстық комиссия хатшысының Байқау қатысушыларының жобаларын бағалауға құқығы жоқ.

6.5. Байқаудың Сараптамалық комиссиясы:

- 1) инновациялық критерийлері бойынша жобаларды іріктейді;
- 2) байқауға ұсынылған жобаларды сараптайды;
- 3) қатысушылардың жобаларын бағалау критерийлері бойынша бағалайды;
- 4) сараптамалық комиссиясының бағалау нәтижелері бойынша Құрама кесте жинақтайды.

6.6. Байқаудың Конкурстық комиссиясы:

- 1) іріктеуден өткен қатысушылардың жобалары бойынша баяндамаларды тыңдайды;
- 2) қатысушылардың жобаларын бағалау критерийлері бойынша бағалайды;
- 3) осы Ережеде сипатталған Байқаудың номинациялары бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

6.7. Байқауға қатысуға жіберілген өтінімдер бойынша ақпаратты анықтау мақсатында Эксперттік және Конкурстық комиссиялар Байқау қатысушыларынан қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

7. Өтінімге қойылатын талаптар

7.1. Материалдар мемлекеттік және орыс тілдерінде қабылданады.

7.2. Байқауға қатысуға өтінім ішінде келесі ақпарат болу керек:

- осы Ереженің 1 Қосымшасына сәйкес форма бойынша қатысушының сауалнамасы;
- жобаның сипаттамасы, құрамында:
- жобаның атауы;
- жобаның тематикалық бағыты;
- жоба номинациясы;
- жобаның жүзеге асырылуы орны;
- жобаның мақсаты мен міндеттері;
- жобаның өзектілігі;
- әлеуметтік-экономикалық тиімділігі;
- техникалық сипаттамалары мен технологиялардың баяндауы;
- зияткерлік меншік жөніндегі ақпарат (бар болған жағдайда).

7.3. Бар болған жағдайда зияткерлік меншік құқығын растайтын құжаттар (патенттер, сертификаттар және т.б.), мінездеме, пікір, жобаға қатысты хаттамалар, БАҚ-та, ресми ғылыми мекемелер және мемлекеттік органдар сайттарында жарияланған ақпараттарға сілтемелер (бар болған жағдайда) Portable Document Format форматында сканерленген түрде осы өтінімге қоса тіркеледі.

7.4. Жобаның ендірілген тәжірибелі үлгісі бар болған жағдайда эскиз, сызба, нұсқама, суреттер, видео (3 минуттан аспайтын), график, есептеме, тестілеудің есебі (акт және хаттама) және т.б. қоса тіркеу қажет.

7.5. Жобалар Ұйымдастырушыға хабарландыруда көрсетілген мерзімінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс. Байқау тақырыптарына сай келмейтін және уақытынан кейін жіберілген материалдар Байқауға жіберілмейді.

7.6. Байқауға жіберілген материалдар кері қайтарылмайды.

8. Байқаудың өткізілу тәртібі мен шарттары

8.1. Байқауға қатысуға өтінімдер 2018 жылдың 30 қарашаға дейін jasotan.com сайт арқылы қабылданады.

8.2. Байқауға өтінім жібергендер Ұйымдастырушыға Байқауға қатысу жөніндегі өтінімді дайындау мен рәсімдеу мәселелері бойынша хабарласуға құқылы.

8.3. Өтінімдерді тіркеуден кейін, Байқау Ұйымдастырушысы материалдарды жинақтап, Сараптамалық комиссияға ұсынады.

8.4. Іріктеудің өткізілу тәртібі:

Байқаудың I кезеңіндегі өтінімдерді қарау Сараптамалық комиссиясымен жүргізіледі. Барлық тақырып бағыттарындағы өтінімдер әрбір номинация бойынша бағаланады.

Сарапшылардың бағалау қорытындыларына сәйкес әрбір номинация бойынша жобалар жиналған баллдарына байланысты іріктеледі, ең жоғары баллға ие болған қатысушылар жобаның II кезеңіне (финал) өткізілетін болады. Егер екі немесе одан көп қатысушы бірдей балл жинаса, I кезеңнің жеңімпаздары Сараптамалық комиссия мүшелерінің ашық дауысқа салуымен анықталатын болады.

8.5. Байқаудың II кезеңінде қатысушылар өз жобаларын ауызша баяндама және презентация түрінде ұсынады. Уақыт тәртібі – 10 минуттан аспауы тиіс. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау қатысушылардың презентация мен баяндамаларын бағалау қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

8.6. Отырысқа Конкурстық комиссия мүшелерінің көпшілігі қатысқан жағдайда оның жұмысы заңды, ал шешімдері нақты болып табылады. Қатысушылардың балдары бірдей болған жағдайда, II кезеңнің жеңімпаздары Конкурстық комиссия мүшелерінің ашық дауысқа салуымен анықталатын болады.

8.7. Байқау қатысушылары жобаларының бағалау қорытындылары комиссия хатшысына тапсырылып, қорытындылар хаттамасына жинақталады.

Жобаларды бағалау бойынша отырысқа қатысқан Конкурстық комиссия мүшелері және Конкурстық комиссия хатшысы қорытындылар хаттамасына қол қояды. Байқаудың екі кезеңінде жиналған баллдарды қосып есептеудің қорытындысы бойынша Байқаудың 3 номинацияларындағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталады.

9. Жобаны іріктеу критерийлері

9.1. Бірінші кезеңге жіберілген инновациялық жобаның негізгі бағалау өлшемдері:

а) жоба шешімдерінің өзектілігі мен сұранымдылығы (ең жоғарғы баға – 10 балл):

- өнімнің суреттемесі (технологиялар);
- нарықта ұқсас техникалық және пайдаланылмалы сипаттамалары бар аналогтардың талдауы;

- нарықтың қажеттіліктерін талдау (тауаша және ауқымы).

б) жобаны коммерциалау (ең жоғарғы баға – 10 балл):

- тәжірибелік үлгі мен қолданыстағы модельдің бар болуы;
- инновациялық жобаның экономикалық тиімділігі;
- салыстырмалы аналогтар бойынша өнім өндірісінің өзіндік құнының талдамасы (технологиялық тиімділігі);

- қаржы тарту бойынша ұсыныстар (өзінің қаржыландыру көзін пайдалану, сыртқы инвесторлар қаражаттарын тарту, соның ішінде инвестициялық банк несиелері және т.б.);

- маркетингтік стратегияны әзірлеу деңгейі;

- коммерциялау тәуекелі;

в) инновациялық жобаның ғылыми-технологиялық түрінде пысықтау (ең жоғарғы баға – 5 балл);

- техникалық шешімдер мен ойлардың ғылыми-техникалық дәлелдемесі;

- тәжірибелік қорытындыға жетуге есепке алынбаған факторлардың әсер ету дәрежесін бағалау;

- техникалық шешімдердің негізіне енген зерттеу жұмыстары мен зертханалық шешімдері;

г) патентке ие болу мүмкіндігі (ең жоғарғы баға – 7 балл);

- зияткерлік меншігін қорғау құқығы бойынша жоспарлы ісі мен техникалық шешіміне қатысты өтінімінің болуы;

- патенттік тазалық, патенттік іздеудің сапасы (жобаның жаңашылдығын және ұқсас аналогтарының болуын тексеру);

9.2. Қандай да бір критерий бойынша ақпараттың аз болуы немесе жоқтығы тұтас алғанда инновациялық жобаға берілген баллдың төмендеуіне әсер етеді. Сарапшылардың қорытындысында көрсетілген қорытынды баға әр бағалау критерийі үшін жиналған баллдар қосындысынан құрылады.

9.3. Екінші кезеңдегі инновациялық жобалардың бағалаудың негізгі критерийлері:

- презентацияның мазмұндылығы;
- жұмысты қорғау барысында қатысушының біліктілігі;
- мақсатты түсіну, баяндама мен ойының жеткізу сапасы;
- презентация өткізу дағдылары.

10. Байқау қорытындыларын шығару

10.1. Байқаудың екінші кезеңіне өткен барлық қатысушыларға сертификаттар табыс етіледі.

10.2. Байқау қорытындылары Конкурстық комиссиясының хаттамасы негізінде 21 жұмыс күн ішінде шығарылады.

10.3. Байқау қорытындылары шыққан күннен бастап 21 жұмыс күн ішінде Байқау Ұйымдастырушысының веб-сайтында жария етіледі.

11. Жобаларды алға жылжыту және коммерциялау

11.1. Ұйымдастырушы өзекті халықаралық инновациялық байқаудың тізімін қалыптастырады. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне халықаралық байқауларға қатысу үшін өтінімдерді рәсімдеу, құжаттама мен презентациялар дайындау бойынша қолдау көрсетілетін болады.

12. Байқауды өткізу уақыты мен кезеңдері

I кезең (2018 жылғы 19 қазан – 2018 жылғы 30 қарашаға) байқауға қатысу үшін өтінімдерді қабылдау және тіркеу;

II кезең (2018 жылғы 3 – 14 желтоқсан) жобаларды сараптау және іріктеу;

III кезең (2018 жылғы 15 – 25 желтоқсан) байқаудың нәтижелерін бекіту;

IV кезең (2019 жылғы қаңтар) байқаудың жеңімпаздарды марапаттау;

V кезең (2019 жылғы қаңтар - желтоқсан) 3 үздік жобаны халықаралық инновациялар байқауларына жіберу.

13. Медиа-ресурстар

Байқаудың ақпараттық қолдауын партияның медиа-ресурстары, ақпараттық серіктестері қамтамасыз етеді.

14. Ұйымдастырушының байланыс ақпараты

Байқау Ұйымдастырушысы: 010000, Астана қаласы, «Нұр Отан» партиясының Орталық аппараты, Қонаев көшесі, 12/1, 602 кабинет, тел. +77172 70 76 84, сайт: jasotan.com.

Положение о проведении республиканского молодежного конкурса инновационных проектов «NURINTECH»

1. Общие положения

1.1. Настоящее Положение определяет цели, задачи, категорию участников, порядок и условия проведения республиканского молодежного конкурса инновационных проектов (далее — Конкурс).

1.2. Организацию и проведение Конкурса осуществляет партия «Нұр Отан» (далее — Организатор). Рабочим органом Конкурса является Молодежное крыло «Жас Отан» при партии «Нұр Отан» (далее — Рабочий орган).

1.3. Начало приема заявок для участия в конкурсе – 19 октября 2018 года. Окончание приема заявок – 30 ноября 2018 года.

1.4. Настоящее положение предоставляется для ознакомления всем заинтересованным лицам, претендующим на участие в Конкурсе. Настоящее Положение публикуется в средствах массовой информации.

2. Цель и задачи проведения Конкурса

2.1. Цель проведения Конкурса – определение наиболее перспективных инноваций и технологий для обеспечения устойчивого роста экономики страны и создание условий для раскрытия и реализации творческих способностей и потенциала молодежи путем вовлечения в научную и инновационную деятельность.

2.2. Задачи проведения Конкурса:

- стимулирование инновационной научно-исследовательской деятельности ученых, инженерно-технических работников, изобретателей, аспирантов, студентов и школьников;

- привлечение молодежи к научно-исследовательской деятельности и техническому творчеству;

- создание условий для использования интеллектуального потенциала молодежи в решении научно-технических и социально-экономических задач Республики Казахстан;

- содействие в продвижении отечественных инновационных проектов для дальнейшей их коммерциализации и внедрения в производство на национальных предприятиях;

- поддержка прогрессивных и новаторских проектов, направленных на развитие энерго - и ресурсосберегающих технологий, наукоемкой экономики.

3. Номинации Конкурса

3.1. Наименования номинаций:

1) «Социально значимые инновации»

- 2) «Лучший молодой ученый»
- 3) «Молодежный инновационный проект»

3.2. К участию принимаются Заявки, содержащие инновационные проекты и относящиеся к следующим темам:

- зеленая энергетика (энергетика и энергосбережение);
- химические технологии, нанотехнологии и биотехнологии;
- промышленные и строительные технологии и производства;
- агроинновации (промышленные технологии и производства);
- IT и авиакосмические технологии;
- медицина, медицинская техника и технологии, фармацевтика;
- рациональное природопользование, ресурсосбережение;
- робототехника;
- безопасный транспорт (организация безопасности дорожного движения);
- лучший лайфхак (новые приспособления для жизни);
- 3D печать и новые материалы;
- мобильные приложения для гаджетов;
- экологическая инновация;
- нанопульс – инновации в нанотехнологиях;
- инновации в образовании.

3.3. Общий денежный призовой фонд составляет **5 250 000 тенге**.

Призовой фонд распределяется между победителями и призерами Конкурса в различных номинациях:

- победитель и призеры (2 и 3 место) в номинации «Социально значимые инновации» получают 1 000 000, 500 000 и 250 000 тенге соответственно;
- победитель и призеры (2 и 3 место) в номинации «Лучший молодой ученый» получают 1 000 000, 500 000 и 250 000 тенге соответственно;
- победитель и призеры (2 и 3 место) в номинации «Молодежный инновационный проект» получают 1 000 000, 500 000 и 250 000 тенге соответственно.

4. Участники Конкурса

4.1. В номинациях «Социально значимые инновации» в конкурсе могут принять участие резиденты Республики Казахстан и этнические казахи, проживающие на территории иностранного государства в возрасте от 14 до 29 лет.

В номинации «Лучший молодой ученый» в конкурсе могут принять участие резиденты Республики Казахстан и этнические казахи, проживающие на территории иностранного государства в возрасте от 14 до 29 лет.

В номинации «Молодежный инновационный проект» в конкурсе могут принять участие учащиеся технических и профессиональных

организаций образования и студенты высших учебных заведений, обучающиеся по программе бакалавриата и магистратуры, являющиеся резидентами Республики Казахстан и этнические казахи, проживающие на территории иностранного государства в возрасте от 14 до 29 лет.

4.2. К участию в Конкурсе допускаются как один автор идеи, так и группа авторов, в составе не более 5-ти человек (при этом членами группы избирается руководитель авторской группы).

4.3. Каждый участник может подать только одну заявку.

4.4. На Конкурс предоставляются самостоятельно выполненные инновационные проекты, содержащие новые научные, инженерные, исследовательские или прикладные результаты.

4.5. Работы реферативного характера не принимаются.

4.6. На Конкурс выдвигаются научные проекты, направленные на создание новых материалов, продуктов, процессов, устройств, услуг, систем или методов и их дальнейшее совершенствование, ориентированные на коммерческое использование результата.

4.7. Участники Конкурса имеют право:

- получать информацию об условиях и порядке проведения Конкурса;
- обращаться к Организатору за разъяснением пунктов настоящего Положения;
- направлять материалы для участия в Конкурсе.

4.8. Участники Конкурса обязаны:

- предварительно ознакомиться с предметом Конкурса, изучить требования, предъявляемые к участию в Конкурсе;
- своевременно предоставлять материалы, оформленные в соответствии с требованиями настоящего Положения;
- соблюдать правила и процедуры, предусмотренные настоящим Положением.

4.9. Участники Конкурса несут ответственность:

- за нарушение требований к достоверности информации, указываемой в материалах, а также биографической информации;
- за несоблюдение условий, правил и процедур, установленных настоящим Положением.

5. Организатор конкурса

5.1. Организатор имеет право:

- отказать претенденту в участии на основании несоответствия требованиям настоящего Положения о Конкурсе.

5.2. Организатор обязан:

- создать равные условия для всех участников;
- обеспечить гласность проведения Конкурса;
- не допустить преждевременного разглашения сведений о результатах Конкурса.

5.3. В целях определения победителей конкурса, Организатор имеет право запрашивать дополнительную информацию у участников.

6. Экспертная и Конкурсная комиссии

6.1. Для подведения итогов Конкурса формируются экспертная комиссия и конкурсная комиссия.

6.2. В состав экспертной комиссии включаются ведущие эксперты, ученые, представители высших учебных заведений вузов, национальных компаний и технопарков.

В состав конкурсной комиссии включаются видные общественные деятели, представители госорганов, депутаты Парламента.

6.3. Состав экспертной и конкурсной комиссий утверждается приказом Председателя Молодежного крыла «Жас Отан» при партии «Нұр Отан».

6.4. Членами конкурсной комиссии являются председатель комиссии, заместитель председателя комиссии, члены конкурсной комиссии, а также секретарь конкурсной комиссии. Секретарь конкурсной комиссии не имеет права на оценку проектов участников Конкурса.

6.5. Экспертная комиссия в рамках Конкурса:

- 1) осуществляет отбор проектов по критериям инновационности;
- 2) организует экспертизу представленных на Конкурс проектов;
- 3) оценивает представленные участниками конкурса проекты в соответствии с критериями оценки;
- 4) формирует Сводную таблицу результатов оценки экспертной группы.

6.6. Конкурсная комиссия в рамках Конкурса:

- 1) заслушивает доклады (презентации) участников конкурса по проектам, прошедшим отбор;
- 2) оценивает представленные участниками конкурса проекты в соответствии с критериями оценки;
- 3) определяет победителей Конкурса по номинациям определенным настоящим Положением.

6.7. С целью уточнения сведений, содержащихся в заявках на участие в Конкурсе, экспертная и конкурсная комиссии вправе запросить дополнительную информацию у участников Конкурса.

7. Требования к заявке

7.1. Материалы принимаются на государственном и русском языках.

7.2. Заявка для участия в Конкурсе должна содержать:

- анкету участника по форме согласно Приложению 1 к настоящему Положению;
- описание проекта, содержащее:
- название проекта;
- тематическое направление проекта;

- номинация проекта;
- место реализации проекта;
- цели и задачи проекта;
- актуальность проекта;
- социально-экономический эффект;
- технические характеристики и описание технологий;
- сведения об интеллектуальной собственности (при наличии).

7.3. Документы (при наличии), подтверждающие права на интеллектуальную собственность (патенты, сертификаты и т.д.), рекомендации, отзывы, протоколы намерений по проекту, ссылки на публикации в СМИ, на сайтах официальных научных учреждений и госорганов, рекомендации, отзывы, протоколы намерений по проекту (при наличии) прикрепляются к заявке в виде сканированных копий в формате Portable Document Format (PDF).

7.4. При наличии опытного образца, внедренных этапов проекта необходимо приложить эскизы, чертежи, схемы, фотографии, видео (не более 3 минут), графики, расчеты, отчеты тестирования (акты и протокола испытаний) и т.п.

7.5. Работы предоставляются Организатору не позднее указанного в объявлении срока. Материалы, не соответствующие тематике конкурса, предъявляемым требованиям, а также поступившие после окончания сроков предоставления, к Конкурсу не допускаются.

7.6. Материалы, присланные на конкурс, не рецензируются и не возвращаются.

8. Условия и порядок проведения Конкурса

8.1. Заявки на Конкурс принимаются до 30 ноября 2018 года на сайте Организатора jasotan.com.

8.2. Заявители вправе обратиться к Организатору за разъяснениями по вопросам подготовки и оформления заявок на участие в Конкурсе, порядка проведения Конкурса и другим вопросам

8.3. После регистрации заявок, Организатор Конкурса подготавливает и обобщает материалы для рассмотрения членами Экспертной комиссии.

8.4. Порядок проведения этапов отбора:

Рассмотрение заявок на I этапе конкурса проводится Экспертной комиссией. Заявки по всем тематическим направлениям оцениваются по каждой номинации.

По результатам оценки экспертов все заявки ранжируются по сумме набранных баллов и конкурсанты, набравшие наибольшие баллы, проходят во II этап (финал) Конкурса. В случае если два и более инновационных проекта набрали одинаковое количество баллов, то победители первого этапа конкурса определяются путем открытого голосования членов экспертной комиссии.

8.5. На II этапе конкурса выступление участников конкурса по проектам осуществляется в виде устного доклада с сопровождением презентации. Регламент – не более 10 минут. Определение победителей и призеров по номинациям Конкурса проводится на основе защиты или презентации проекта.

8.6. Работа Конкурсной комиссии считается правомочной, а ее решения признаются действительными при условии наличия большинства ее членов. В случае равенства баллов, победители второго этапа конкурса определяются путем открытого голосования членов Конкурсной комиссии.

8.7. Результаты оценки проектов участников Конкурса передаются секретарю конкурсной комиссии, и сводятся в протокол итогов. Протокол итогов подписывается членами конкурсной комиссии, присутствовавшими на заседании по оценке проектов, и секретарем конкурсной комиссии. По результатам суммарного подсчета баллов, набранных по итогам двух этапов Конкурса, определяются победители и призеры Конкурса по трем номинациям.

9. Критерии отбора проектов

9.1. Основные критерии оценки инновационных проектов, поданных на первый этап:

а) актуальность и востребованность результатов проекта (максимальная оценка - 10 баллов):

- описание продукции (технологии);
- анализ наличия на рынке аналогов, имеющих сопоставимые технические и эксплуатационные характеристики;
- анализ потребностей рынка (ниши и масштабы).

б) коммерциализация проекта (максимальная оценка - 10 баллов):

- наличие опытного образца, действующей модели;
- экономическая эффективность инновационного проекта;
- анализ себестоимости производства продукции (эффективности технологии) по сопоставимым аналогам;
- предложения по привлечению финансовых средств (использование собственных источников, средств внешних инвесторов, в том числе инвестиционных кредитов банков и т.д.);

- уровень проработки маркетинговой стратегии;

- риски коммерциализации.

в) научно - техническая проработка инновационного проекта (максимальная оценка - 5 баллов):

- научно-техническое обоснование технических решений, идей;
- оценка степени влияния неучтенных факторов на достижение практических результатов;
- результаты лабораторных, исследовательских работ, заложенных в основу технических решений.

- г) патентоспособность (максимальная оценка - 7 баллов):
- наличие заявки на техническое решение, плана действий по защите прав на интеллектуальную собственность;
 - патентная чистота, качество патентного поиска (проверка новизны и наличия ближайших аналогов).

9.2. Отсутствие или неполнота информации по какому-либо из критериев приводит к снижению баллов по инновационному проекту в целом. В экспертном заключении итоговая оценка складывается из суммы баллов за каждый критерий оценки.

9.3. Основные критерии оценки инновационных проектов на втором этапе:

- содержательность презентации;
- компетентность участника при защите работы;
- понимание целей, качество изложения и мышления;
- презентационные навыки.

10. Подведение итогов Конкурса

10.1. Все участники Конкурса, прошедшие во второй этап конкурса, получают сертификат участника Конкурса.

10.2. Итоги Конкурса в течение 21 рабочих дней оформляются протоколом Конкурсной комиссии.

10.3. Итоги Конкурса размещаются на веб-сайте Организаторов Конкурса не позднее 21 рабочих дней с момента его оформления.

11. Продвижение и коммерциализация проектов

11.1. Организатором будет сформирован перечень актуальных международных конкурсов инноваций. Победителям и призерам Конкурса будет оказано содействие в оформлении заявок для участия в международных конкурсах, в составлении документации, в подготовке презентаций и т.д.

12. Сроки и этапы проведения Конкурса

I этап (с 19 октября 2018 г. по 30 ноября 2018 г.) осуществляется приём, регистрация заявок на участие в Конкурсе;

II этап (с 3 по 14 декабря 2018 г.) экспертиза и отбор проектов;

III этап (с 15 по 25 декабря 2018 г.) конкурсная комиссия, утверждение результатов;

IV этап (январь 2019 г.) награждение победителей Конкурса;

V этап (январь – декабрь 2019 г.) продвижение 3 лучших проектов на международные конкурсы инноваций.

13. Медиа-ресурсы

Информационную поддержку Конкурса обеспечивают партийные медиа-ресурсы, информационные партнеры.

14. Контактная информация об организаторе

Организатор конкурса: 010000, г.Астана, Центральный аппарат партии «Нұр Отан», ул. Кунаева, 12/1, каб. № 602, тел. +77172 70 76 84, сайт: jasotan.com.